

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАР ЖҮЙЕСІН  
ГРАФИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРМЕН  
ЗЕРТТЕУ.  
ЭЛЕКТРОКАРДИОГРАФИЯ

Орындаған: Төлеубеков Дәулетхан 305 топ

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ КЕЗІНДЕ МЫНА ӘДІСТЕР  
ҚОЛДАНЫЛАДЫ:

- Көру
- Пальпация
- Перкуссия
- Электрокардиография
- Фонокардиография
- Рентгенография
- Рентгеноскопия

## ЖҮРЕК ДҮРСІЛІН ПАЛЬПАЦИЯЛАУ

Жүрек дүрсілін қарауды мал тұрып тұрған кезде жүргізеді. Жүрек дүрсілін жүрек тұсындағы кеуде қуысы қабырғасының немесе жүнінің дірілі арқылы анықтайды. Жүрек тұсының ауырсынуын бүгілген саусақтармен 3-5 қабырғалар аралығын нұқып анықтайды.

Жүрек тұсы дүрсілінің әр малда өзінің нақты анықталатын орны болады. Ірі қара малда ол сол жақтағы 4-қабырға аралығында, шынтақтан 2-3см жоғары 5-7см<sup>2</sup> көлемде.

Ұсақ малда ірі малда анықталатын жерден ,бірақ 2-4см<sup>2</sup>.

Жылқыда жүрек дүрсілінің нақты орны 5-ші қабырға аралығында.

Шошқада сол жағындағы 4-қабырға аралығында, ал семіз шошқаларда дүрсіл естілмейді.

Иттерде жүрек дүрсілі сол жағындағы 5-қабырға аралығында кеуденің  $1/3$  ортасында, ал оң жағында 4-5 қабырға аралығында.

Құстарда екі жағында бірдей кеуде тұсында сезіледі.

Жүрек дүрсілі орнының өзгеруі көкірек қуысында ісік пайда болғанда, перикардитте, плевритте, құрсақ қуысы ұлғайып, кеудені ілгері жылжытқанда кездеседі.

Жүрек тұсының ауырсынуы-саусақпен қабырға араларын сипаған уақытта байқалады, од миозит, плеврит, миокардитпен ауырған малдарда білінеді.

Жүрек тұсын переуссиялау арқылы оның шекарасын, көлнімін, дыбысын анықтайды. Перкуссиялағанда екі дыбыс шығады.

- Жүректің бәсең атимпациялық дыбысы жүректің өкпелер жауып тұратын жерін перкуссиялағанда шығатын дыбыс.
- Жүректің абсолюттік перкуссиялық дыбысы-жүректің өкпе жаппаған ашық жерінен шығатын дыбыс, тықыл дыбыс естіледі.

## ЖҮРЕКТІ ТЫҢДАУ

Жүректі тыңдау екі жолмен жүргізіледі

- Тікелей тыңдау-жайма мата арқылы сол жақ анканеус бұлшық еттер тобының артынан сол құлақпен тыңдайды.
- Аспаптар арқылы-стетоскоп, фонендоскоп немесе стетофонендоскоп арқылы жүргізіледі.

Жүректі тыңдаған кезде бір-бірімен үнсіз үзіліс арқылы бөлініп тұратын екі түрлі соғу дыбыстар сазы естіледі. Бірінші систолалық жүрек сазы екіншіге қарағанда ұзақтау және дыбысы төмен, жүректің жоғарғы тұсында, дыбысы көтеріңкі, қаттырақ естіледі. Екінші диастолалық қысқалау, көтеріңкі, соңында шорт үзіледі.

## ЖҮРЕК ШУЫЛДАРЫ

Жүрек шуылдарына жүрек саздарына жүрек ырғағына байланысты, қалыпты жүрек саздарының ерекшеленетін жүрек тұсындағы барлық дыбыстың құбылыстары жатады. Естілу орнына байланысты:

Эндокардиальдар жүректің ырғағына байланысты болады, олар ысылдағанда жел үрлегендей, ызылдағандай болып естіледі.

Перикардиальды шуылдар-үйкеліс және шалпыл дыбыс жүрек пен жүрек қалтасында пайда болады, ол жүректің дүрсілімен сәйкес келмиді. Перикардиальды шуылдар систолада да, диастолада да естіледі, кей кездерде үзіліссіз естіле береді.

Кардиопульмональды шуылдар-тыныс алғанда және жүрек систоламен сәйкес келсе ғана естіледі.

**Электрокардиография**-бұл жүрек бұлшық етіндегі электрлік құбылыстарды жазып алу әдісі.Бұл әдіс арқылы жүректің барлық аритмиясын,жүректегі органикалық өзгерістерді байқайды.Жүрек қызметінің өткізгіштік қасиетін,автоматтық қызметін,қозғыштық қабілетін,өткізгіштік қабілетін анықтайды.

ЭКГ-де екі кезең анықталады.Систолалық период Р кертешінен Т кертешіне дейінгі аралықты анықтайды.Диастолалық период деп Т кертешінен келесі Р кертешіне дейінгі аралықты айтады.



## ҚАН ТАМЫРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

Артерия тамырын қарау пальпация тамыр соғу дүрсілін анықтау, сфигмограф, осцилограф және қан тамыры қысымын анықтау арқылы зерттейді. Қарау арқылы қан тамырының соғуын, оның толуын анықтаймыз. Көбіне бас пен мойындағы қан тамырлары зерттелінеді.

**Сфигмография**-артерия тамырының соғу дүрсілін аспап арқылы жазып алу.

Вена қан тамырын зерттеу-вена қан тамырын қарау, сипау, тыңдау, флебография және қан қысымын өлшеу арқылы зерттеледі.

**Флебография**-флебограф аспабы арқылы вена қан тамырының соғуын жазу.